Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 66

КДУ-2 ЖӘНЕ ДБ-5 ЖЕМ-АЗЫҚТАРДЫ ҰНТАҚТАҒЫШ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫНЫҢ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫН ЖАНАРТУ

Акылбаев К.

КДУ-2 ұнтақтағышы барлық дәнді дақылдарды, жүгері собықтарын, пішен және тағы басқа ірі азықтарды ұсақтауға, тамыр- түйнек жемістерді мезга түріне дейін ұсақтауға арналған.

Ұнтақтағыш мал фермалары мен кешендерінің азық дайындау цехтарында және жем-азық ұнтақтау бөлімдерінде қолданылады, сонымен қатар әр түрлі азық дайындау агрегаттарында қоса орналасады.

Ұнтақтау камерасында ұнтақтағыш барабан балғаларының соққысымен және торға, декларға соғылуы әсерінен жем- азық ұсақталады. Тор үш өлшемді болады. Тесіктерінің диаметрлері: 4,6 және 8мм. Мал (құс) түрлеріне байланысты тиісті өлшемді тор таңдалып, ауыстырылып тұрады.

Тор тесіктерінен түскен ұсақталынған жем желдеткішпен сорылып ауа ағынымен циклонға айдалады. Циклонның спиральді мойнынан өткен ауа тасқыны циклонның төменгі жіңішкерген жағына лақтырылып, конусты қабырғамен жеделдете айналған жем- азық бөліктері екі құбырлы шлюздік затворға түседі. Айналған ротордың әсерінен жем- азық қапқа немесе бункерге түсіріледі. Жем-азықтың шаң тәрізді бөліктерге ауа тасқынымен бірге кері және қабылдаушы арқылы ұнтақтағыш камераға қайыра келеді.

ДБ-5 ұнтақтағышы ылғалдылығы әдеттегідей немесе көтеріңкі (17%-тен көп емес) әр түрлі жемдік дәнді дақылдарды ұнтақатуға арналған қондырғы.

Ұнтақтағыш 2 түрде жасалады:

- Жеке жұмыс істейтін машина ДБ-5-1
- ОКЦ типті агрегаттар құрамында ДБ-5-2

ДБ-5-1 ұнтақтағыш қондырғыдан артқыш және түсіргіш шнектерден, басқару шкафынан тұрады.

Ұнтақтағыш қондырғы негізгі келесі бөліктерден тұрады: ротордан, корпустан, бөлгіш камерадан, рамадан, ротор жетегінің электрлік қозғалтқышынан.

Ұнатаұтағыш корпусында бөлгіш камера және жем- азық өткізгіш орналасқан. Ұнтақтау камерасын күтіп- жөндеу үшін камера сыртында ашылатын қақпақ бар. Камера корпусының төменгі жағында секторларға тірелген, болттармен бекітілген дека орналасқан. Корпус қақпағы ашық тұрған кезде электрлік қозғалтқыштың қосылып кетпеуі үшін айырылып қосқыш орналасқан. Бункерде арту және бақылау терезелері бар бункердің төменгі.

Жетекшісі: ассистент Ж.Т.Ибраева